# Бір спорт, — екі федерация...

**2016 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткен Олимпиада ойындарынан кейін Халықаралық әуесқой бокс ассоциациясының (AIBA) басына күн туды. Халықаралық Олимпиада комитеті АИБА-ны қаржылық қитұрқылықтар істеді, төрешілері әділетсіз шешімдер қабылдады деп айыптады. 2019 жылы Швейцарияда өткен жиында ХОК Токио Олимпиадасындағы бокс бәсекесін өткізуді Дүниежүзілік гимнастика федерациясына жүктеді.**

Жақында ғана Ташкентте бокстан әуесқойлар арасында әлем чемпионаты аяқталғаны белгілі. Ол жарысқа Ресей және Беларусь боксшылары қатысқандықтан әлемнің бірқатар елі чемпионатқа бойкот жариялады. Айта кетерлік бір жайт, сәуір айында АҚШ пен Ұлыбритания жаңа федерация құру туралы шешім қабылдаған болатын. Содан өмірге World Boxing атты жаңа ұйым келді. Оның құрамына қазірдің өзінде Еуропаның бірнеше елі кіріп қойды. Германия, Нидерланды, Швеция, Швейцариядан бөлек, Канада, Филиппин секілді елдер де осы ұйымға мүшелікке өтті. Көріп отырсыздар, арасында бокс державасы болуға лайықты бірде-бір мемлекет жоқ...

Енді не болмақ? 2024 жылғы Париж Олимпиадасындағы бокс бәсекелерін дәл осы ұйым өткізуі бек мүмкін. Олимпиада ойындарына қатысқысы келсе АИБА құрамындағы мемлекеттер осы ұйымға мүшелікке өтуі керек. АИБА да ай қарап отырған жоқ. World Boxing ұйымына өткен елдерді өздері ұйымдастырған жарыстардан шеттетпек ниеті бар. Қос алып ұйымның текетіресінде кімнің жеңіске жететіні әзірге белгісіз. Бұл текетіресте кімнің ұтатыны белгісіз, белгілісі бокс ұтылады.

Қазіргі ахуалға зер салсақ World Boxing ұйымының күші басымдау көрінеді. Біріншіден, олар 4 жылда бір келетін Олимпиада ойындарын өткізуді қолдарына алмақ ниетте. Екіншіден, олардың қаржылық әлеуеті де АИБА-ға қарағанда едәуір жоғары. АИБА ұйымдастырған биылғы әлем чемпионатының жүлде қоры рекордтық көрсеткішке жетті. Әлем чемпионы атанған боксшыға АИБА 200 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы берді. Ал, World Boxing ұйымы одан да асып түспек. Олар да АИБА-ның әлем чемпионатына балама болатын турнир ұйымдастырып, жеңіске жеткен боксшыға 900 мың АҚШ долларын табыстайды.

Әзірге Париж Олимпиадасындағы бокс бәсекесін ұйымдастыру кімге бұйыратыны белгісіз. Анығы, ХОК бұл жарысты ұйымдастыруға АИБА-ны мүлдем жолатпайды. Ал, 2028 жылы АҚШ-та өтетін Олимпиада ойындарының тізімінде бокс спорты мүлдем жоқ. ...Міне, саған Америка!

***Орынбасар ҚЫРЫҚБАЙ,***
***М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың***
***2-курс студенті.***